

А. Сәбитқызы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: assa.23@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ ТӨЗІМДІЛІКТІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазіргі әлемде ұлтаралық, дінаралық қайшылықтар мен халықаралық және аймақтық деңгейдегі мәселелер одан сайын шиеленісіп барады. Батыс саясаткерлері мен қоғам қайраткерлері мультикультурализмнің күйреуі туралы сөз етуде, ал батыс қоғамында күшті миграциялық қысым мен терроризм көріністерінен туындаған Еуропадағы иммигранттарға қарсылық білдіру жағдайлары әлемде толеранттылық дағдарысы туралы мәселе көтеріп отыр. Тіпті дамыған демократиялық елдердің өзінде ұлтаралық, нәсіларалық, конфессияаралық және басқа да қатынастардағы агрессия, шовинизм, ұлтшылдық көріністері белең алуда. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасы кеңестік кезеңде қалыптасқан қоғамның көпұлттылық жағдайында ұлттық және діни тұрғыдан өзіндік сананы жоғарылату аясында және демократиялық қайта құрулар кезінде пайда болған көпконфессионалдылық жағдайындағы терең саяси өзгерістермен сипатталатын дамудың жаңа тарихи кезеңіне аяқ басты. Қазақстанның экономикалық және саяси жүйесін трансформациялау кезеңінде белгілі бір жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін және қоғамның тұрақтылығына барынша теріс әсер ететін көптеген ықтимал тәуекелдер кездеседі. Қазіргі жаһандану әлемінде толеранттылық принципі ұлтаралық келісімнің ең маңызды қағидасы болып табылады және іргелі тұлғааралық этика элементтерінің бірі болып есептеледі, мұнда барлық адам ең жоғары әлеуметтік тіршілік иесі ретінде қарастырылады және егер оның мәдени және әлеуметтік сәйкестендірілуі жаһандық ауқымда қоғамның өркендеуіне әкелетін болса, оны жоққа шығаруға ешкімнің құқығы жоқ.

Түйін сөздер: толеранттылық, дін, көпконфессионалдылық, келісім, қақтығыстар.

A. Sabitkyzy

Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: assa.23@mail.ru

The specificity of religious tolerance in Kazakhstan

The modern world is becoming more conflictual, and interethnic, interreligious contradictions and problems at the international and regional levels are even more aggravated. Western politicians and public figures talk about the collapse of multiculturalism, and anti-immigrant sentiments in Europe, caused by powerful migration pressure on Western society and manifestations of terrorism, have raised the question of the crisis of tolerance in the world. Even in developed democratic countries, manifestations of nationalism, chauvinism and aggression in inter-ethnic, inter-racial, inter-confessional and other relations are spreading. After gaining independence, the Republic of Kazakhstan entered a new historical stage of development characterized by deep political transformations against the background of the rise of national and religious self-consciousness in the conditions of multi-ethnicity of the society, formed during the Soviet period, and multiconfessionality, formed in the course of democratic transformations. During the transformation of the economic and political system of Kazakhstan there are many potential risks, which under certain conditions can be realized and have a negative impact on the stability of society. In today's globalizing world, the principle of tolerance is the most important principle of interethnic harmony and is one of the elements of fundamental interpersonal ethics, in which absolutely every human being is thought of as a socially superior being, and nothing has the right to deny his cultural and social identification if it leads to the prosperity of society on a global, planetary scale.

Keywords: tolerance, religion, polyconfessionality, consent, conflicts.

А. Сәбитқызы

Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы
e-mail: assa.23@mail.ru

Специфика религиозной толерантности в Казахстане

Современный мир становится более конфликтным, а межэтнические, межрелигиозные противоречия и проблемы на международном и региональном уровнях еще больше обостряются. Западные политики и общественные деятели говорят о крахе мультикультурализма, а антииммигрантские настроения в Европе, вызванные мощным миграционным давлением на западное общество и проявлениями терроризма, поставили вопрос о кризисе толерантности в мире. Даже в развитых демократических странах распространяются проявления национализма, шовинизма, агрессии в межнациональных, межрасовых, межконфессиональных и других отношениях. С обретением независимости Республика Казахстан вступила в новый исторический этап развития, характеризующийся глубокими политическими трансформациями на фоне подъема национального и религиозного самосознания в условиях мульти этничности общества, сложившейся за советский период, и мультиконфессиональности, сформировавшейся в ходе демократических преобразований. В период трансформации экономической и политической системы Казахстана существует множество потенциальных рисков, которые при определенных условиях могут реализоваться и самым негативным образом сказаться на устойчивости социума. В современном глобализирующемся мире, принцип толерантности представляет собой наиважнейший принцип межнационального согласия, и является одним из элементов фундаментальной межличностной этики, в которой абсолютно каждый человек мыслится как высшее в социальном плане существо, и ничто не вправе отрицать его культурную и социальную идентификацию, если она ведет к процветанию общества в мировом, общепланетарном масштабе.

Ключевые слова: толерантность, религия, поликонфессиональность, согласие, конфликты.

Кіріспе

Жаппай террористік сипаттағы шабуылдардан басталған ХХІ ғасыр бүкіл әлемде бейбітшілікті сақтаудың нақты қағидаларын қолданудың шұғыл қажеттілігін көрсетті, олардың бірі толеранттылық болып табылады. Бүгінгі таңда толеранттылық туралы көптеген жұмыстар жазылған, аталғын құбылысқа монографиялар мен ғылыми зерттеулер арналған. Толеранттылық жайында әртүрлі көзқарастар бар: «өзге адамдардың пікірлеріне, сенімдері мен мінез-құлқына төзімділік»; «басқа көзқарастарға, әдет-ғұрыптарға, әдеттерге төзімділік»; «өзге біреудің өмір салтына, мінез-құлқына, әдет-ғұрпына, сезімдеріне, пікірлеріне, идеяларына, сенімдеріне төзімділік»; «бір-біріне ұқсамайтын адамдармен бірге өмір сүру өнері» және т.б. Негізінен, бұл анықтамалар қазіргі заманғы философиялық дискурстан туындайды және оларды шындықты бейнелеуші ретіндегі дінге қолдануда белгілі бір қиындықтарға тап боламыз.

Бұл басылымдардың барлығы әртүрлі, кейде бір-біріне мүлдем ұқсамайтын мәдениеттердің өкілдері тұратын мемлекеттерде бейбіт өмір сүруге ықпал ететін толеранттылық құбылысының шынайы мәнін анықтауға бағытталған. Осындай елдердің қатарына біздің де

республика кіреді. Сонымен қатар, зерттеушілер толеранттылықтың ең басты аспектісін анықтауға тырысуда, бұл қасиет толеранттылықты өзінің рухани қасиеті ретінде қабылдаған барлық халықтарда бар. Осыған байланысты діни толеранттылық мәселелері қазіргі әлемде ерекше өзектілікке ие болып отыр, оған қоса, көптеген адамдар жоғары әлеуметтік ұтқырлыққа байланысты көпконфессиялы қауымдастықтарда өмір сүруге мәжбүр. С.Смит дұрыс атап өткендей, «егер Сіз бір нәрсеге сенсеңіз, Сіз оның рас екеніне сенімді боласыз және қаласаңыз да, қаламасаңыз да басқалардың сенетін нәрселеріне қателік пен адасу ретінде қарайсыз» (Smith, 2001: 145). Діни жүйедегі толеранттылық мәселесі екі деңгейде қарастырылуы мүмкін: дін деңгейінде жүйе ретінде және жеке тұлғаның діни нормаларының практикасы деңгейінде. Сонымен, діни толеранттылық деп өзге адамның басқа дінді ұстану мүмкіндігін қабылдау түсініледі; бұл ретте конфессияаралық қатынастарда толеранттылық заңды, адамгершілік нормаларын, азаматтардың рухани және психикалық денсаулығын сақтау сияқты факторларды ескере отырып қалыптастырылуы керек. Осыған ұқсас көзқарас діни төзімділіктің анықтамасында байқалады, мұнда әрбір адамға дінді таңдау бостандығы құқығы беріледі; түпкілікті және өзгермейтін шындыққа ие болу

туралы талаптардан бас тартылады; басқаларды түсінуге және олармен өзара әрекеттесу мен ынтымақтастықтың ортақ нүктелерін табуға ұмтылуға жол беріледі.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсат-міндеттері

Мақаланың тақырыбын таңдау көптеген этникалық қауымдастықтар мен конфессиялардың мүдделерін үйлестіру тәжірибесін, Қазақстанның мәдени-тарихи дамуының ерекшеліктерін ескеретін ортақ мекеннің ерекше моделін түсіну қажеттілігіне байланысты. Қазіргі әлемде ұлтаралық, дінаралық қайшылықтар мен халықаралық және аймақтық деңгейдегі мәселелер одан сайын шиеленісіп барады. Мұндай үдерістерге Орталық Азиядағы, оның ішінде Қазақстандағы экстремистік топтардың жандануы да ықпал етеді, олардың әсері тұрғындарға ғана емес, сонымен қатар, мемлекеттік қызметкерлердің арасына да ене бастады.

Қазіргі Қазақстандағы толеранттылықтың жоғары деңгейі осы күнге дейінгі Қазақстан аумағында болған және бар әртүрлі мәдениеттерді өзара үйлесімді байытудың тікелей нәтижесі болып табылады, бұл ретте тұтас түркі мәдениеті аясындағы «өзге» құбылысына деген көзқарастың түркілік, далалық типі осы өзара ықпалдың ақыл-ой негізі болып саналады. Бұл мәдениеттердің өзара бірін-бірі байытуы Қазақстанның өткен және қазіргі мәдениеттеріне тән қоршаған шындыққа деген көзқарастың әртүрлі аспектілерін синтездеудің ерекше тәсілін білдіреді. Толеранттылықтың практикалық маңыздылығы жоғары. Бұл, ең алдымен, кез келген толерантты қоғамның өз дамуының өтпелі, транзиттік кезеңдерін еңсеру мүмкіндігі жоғары екендігімен байланысты. Бұл зерттеуде Қазақстандық қоғамның толеранттылық қағидатының мәдени-тарихи бағдарларын және оның Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатындағы ролін көрсету міндеті қойылған. Толерантты қарым-қатынастардың нәтижесінде қазіргі қазақстандық қоғам көптеген этностардың бейбіт қатар өмір сүруінің қазақстандық нұсқасында қоғамды сындарлы құрудың белгілі бір моделін көретін басқа да көпұлтты мемлекеттер үшін үлгі ретінде көрінеді.

Толерантты қарым-қатынастардың арқасында қазіргі қазақстандық қоғам көп жағдайда басқа көпұлтты мемлекеттер үшін үлгі ретінде танылды, олар көптеген этностардың бірге

бейбіт өмір сүруінің қазақстандық нұсқасында қоғамды сындарлы құрудың белгілі бір моделін көреді.

Зерттеудің ғылыми әдіснамасы

Зерттеуде жалпы ғылыми принциптер мен әдістер, сондай-ақ бірімен-бірі өзара байланысты философиялық әдістер мен принциптер қолданылды. Аксиологиялық тәсіл діни саладағы толеранттылықтың рухани-адамгершілік мазмұны мен құндылық-семантикалық сипатын негіздеу үшін пайдаланылды. Салыстырмалы-тарихи (компаративистік) әдіс толеранттылық мәселесін оның әртүрлі әлеуметтік әлемдер жүйесіндегі модификациялары тұрғысынан қарауға мүмкіндік берді. Мазмұнды талдау әртүрлі ақпарат көздерін, құжаттама үзінділерін, жаналықтар шығарылымдарын және т.б. талдауда қолданылды.

Негізгі бөлім

Діни жүйедегі толеранттылық мәселесі

Теориялық тұрғыдан алғанда, толеранттылық принципі белгілі бір қоғамды өзінің тұтастығы мен ішкі қайшылықтардың болмауы үшін біріктіруге қызмет ететін мәдени элемент болып табылады. Бірақ іс жүзінде толерантты көзқарастарды ұстану әрдайым оңай үдеріс бола бермейді.

Қазақстандық ұлтаралық келісім саясаты басымдықтарының бірі болып табылатын толеранттылық құбылысының мәніне тереңірек үңіле отырып, қазақстандық қоғамда толеранттылықтың дамуына ықпал еткен бір қуатты тарихи алғышартты атап өткен жөн.

Берілген алғышарт Еуразия құрлығының аумағында бірегей сауда-мәдени құбылысы ретінде Ұлы Жібек жолының біртіндеп қалыптасу үдерісінде пайда болады. Бұл трансконтинентальды көп шақырымдық маршрут халықаралық сауда заңдылықтарының қызмет атқару кеңістігін білдірді. Сонымен бірге, осы жол бойында бұл қозғалмалы нарықтың болуына қызығушылық танытқан көптеген халықтардың арасында өзара қарқынды мәдениет алмасу орын алды.

Сонымен, әлемдік діндер ретінде танылған діндермен қатар, зороастризм, иудаизм, манихейлік, несториандық, даосизм және т.б. сияқты діндердің өзара енуі орын алды және Қазақстан аумағында тарихшылар дәлелдегендеп отырған-

дай, мешіттер мен шіркеулерден басқа, костелдер мен синагогалар да болған. Олардың пайда болуы, ең алдымен, осы халықаралық сауданың өкілдері саудагерлердің өздері үшін өздерінің тарихи отандарынан шалғай жерлерде жүргенде өздерінің діни канондарын бұзбай, діни рәсімдер мен салттарды жасай алатын белгілі бір орындарды құруға ұмтылуымен түсіндіріледі.

Олардың жолында ғибадатханалардың болуы Қазақстан аумағында жергілікті халықтың пайда мен экономикалық байлықты көздеп, өркендеу туралы ғана емес, дала тұрғындарын осы өркендеу мен байлықты ішінара қамтамасыз еткендердің алыс жолда жүргенде өз халқының руханиятымен және өз дінімен байланыста болуына қамқорлық жасап отырғандығын көрсетті. Сонымен бірге, бұл көшпенділердің басқа халықтардың рухани мәдениетіне құрметпен қарағанын дәлелдейді. Бұл еуропалықтардың көшпелі халықтар жабайы және тым озбыр көшпелі тайпалар болғандығы жайындағы түсінігін жоққа шығарады.

Катал дала жағдайында өмір сүрудің өзі көшпелі менталитетке өзара ұжымдық көмек көрсету принципінің терең енуіне ықпал етті. Егер бұл қағида болмаса, Еуразияның осы аймағында адамдардың өмір сүруі мүмкін болмас еді, дегенмен, тарихтың өзі көрсеткендей, Орталық Азия аумағында көшпенділердің өзіндік, өзіне тән ерекше мәдениеті қалыптасты, олардың дүниетанымы өте бай болды.

Егер басқа этно-ұлттық мәдениеттермен сындарлы өзара әрекеттесу үдерісі болмаған жағдайда толеранттылық принципін түсінудің өзі мүмкін емес еді. Бүкіл адамзат тарихында көптеген елдер мен мәдениеттер басқа өркениеттердің дұшпандығы салдарынан ғана жойылды, бұл олардың толығымен тоналып, жойылуына әкелді.

Екінші жағынан, жаулап алу соғыстарын жүргізген кейбір халықтар, негізінен өз билігіне алынған мәдениеттерге толерантты болды. Мысалы, моңғолдық жаулап алушылар басып алынған жерлердің мәдениеттеріне салыстырмалы түрде толерантты көзқараспен қарады, олар тек экономикалық пайда мен жаулап алынған жердегі саяси билікті басып алу мақсатын көздеді. Ал, мәселен, жаулап алынған үнді халқының мәдени ескерткіштерін әдейі, қасақана жойып, оларды қасиетті католик дінін қабылдауға мәжбүрлеген испан конкистадорлары туралы олай айту мүмкін емес.

Көптеген жағдайларда жаулап алынған жердің дініне деген толерантты көзқарас жер-

гілікті діннің өзі жаулап алушылар үшін жаулап алынған халықтарға билік орнатудың және бақылаудың өзіндік саяси тұтқасы ретінде қызмет ететіндігімен негізделген. Мұндай жағдайдың аясында жергілікті мәдениеттер мен діндердің өзіндік ерекшелігі сақталып қана қоймай, келген жаулап алушылардың мәдениетімен байытылды. Жаулап алынған жерлердегі толеранттылық көріністеріне қатысты басқа көзқарастар да айтылады: «Біз басқа адамдарға және олардың өмір салтына төзбеу қиындық тудырған жағдайда ғана көнуіміз керек. Толеранттылық тек төзгісіз нәрсе үшін қажет деп айтуға болады. Бұл оның басты мәселесі. Біз толеранттылықты неғұрлым қуатты топтың немесе көпшіліктің күші аз топқа немесе азшылыққа қатысты ұстанымы ретінде қарастыра аламыз. Христиандар көп және мұсылмандар аз елде христиандар мұсылмандарға төзімді ме деген сұрақ туындауы мүмкін. Мұсылмандардың, былайша айтқанда, христиандарға төзу немесе төзбеуді таңдау мүмкіндігі жоқ. Егер христиандар мен мұсылмандардың арасалмағы өзгерсе, онда діни төзімділік бағыты болады» (Bernard Williams, 1996: 29).

Толеранттылықтың қазақстандық түрін әлемдегі басқа халықтардың өкілдері мойындады: ұлтаралық және конфессияаралық қатынастарды реттеу саласындағы қазақстандық мамандар әлемнің көптеген қарсылықты, жанжалды нүктелерінде сарапшы ретінде әрекет ететіні бекер емес.

Бөтен діннің өкілдері дұшпандықтың себебі болған кезде толеранттылықтың әлеуметтік құбылысы басқаша көрініс алады. Сонымен, діни сезімдерді қорлау жағдайында белгілі қазақстандық ойшыл Ғ.Т. Телебаев белгілі бір дін өкілдері әрекеттерінің бірнеше түрін атап өтеді:

1. «Экстремистік», адамдар арасындағы қарулы қақтығыс мүмкіндігін болжайды;
2. «Діни ынтымақтастық», бір діндегілерден көмек сұрауды білдіреді;
3. «Құқықтық», билікке, сотқа және т.б. көмек сұрауды білдіреді;
4. «Капитулянттық», құқығы бұзылған сенушілер елден кеткен жағдайлар;
5. «Экстратолерантты», сенушілердің әрекеттерін ештеңе болмағандай болжайды (Телебаев, 2006: 31).

Осылайша, діни қалауына нұқсан келтірілген адамдар, әдетте, осы мінез-құлық үлгілерінің бірін таңдайды.

Жоғарыда аталған мінез-құлық модельдерінің әр біреуі кез келген дін өкілдерінің

қудалауға немесе қорлауға ұшыраған бөлігінің басым әлеуметтік жүйеге белгілі бір қатынасын білдіреді. Олардың барлығы белгілі бір діни топтың қорғаныс реакциясын көрсетеді және жалпы алғанда, әлеуметтік құрылым ретінде діни бірлестікті, ресми немесе бейресми, танылған немесе күмәнді болуына қарамастан, бүкіл қоғамда сақтап қалуға бағытталған.

Әрбір модельді талдай отырып, олардың біріншісі биліктің немесе қоғамның қысымына агрессивті реакцияны болжайды деп қорытынды жасауға болады. Екінші модель сыни жағдайда бір діндегілердің ынтымақтастық дәрежесін ашады. Үшінші модель билікке қатысты антагонистік күш бола алатын заң шеңберінде өзінің өмір сүру құқығын қорғауға дайын екендігін көрсетеді. Төртінші модель, әдетте, қысымға ұшыраған діндарлар үшін ең қолайлы нұсқа болып есептеледі, өйткені, мысалы, Қазақстандағы діни секталар негізінен орталықтары неғұрлым адал және экономикалық дамыған мемлекеттерде орналасқан діни ұйымдардың филиалдары болып табылады. Бесінші модель қудаланушылардың шынайы ниеттері ашылмаған кездегі мінез-құлқ түріне жатады. Яғни, конфессиялардың өкілдері өздерінің діни ұйымын қоғамнан шеттетуге, алып тастау мүмкін еместігіне сенімді болады немесе олар соңғы шара ретінде қолдарына қару алады болмаса өзінің мәні бойынша айрықша болуы мүмкін әлеуметтік наразылық білдіре алады (мысалы, жаппай суицид).

Осылайша, біз конфессияаралық қатынастар саласындағы толеранттылық діни тұжырымдамалардың мәніне өте нәзік сәйкес келетінін және дінаралық келісім саласында жұмыс істейтін мемлекеттік мамандардың жоғары құзыреттілігін талап ететінін көреміз.

Қазақстандық менталитеттің маңызды аспектісі, жоғарыда айтылғандай, ұлтаралық диалог стратегиясы болып табылады, ол өз кезегінде ресми идеологиялық жүйенің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл стратегия қазіргі заманғы Қазақстандағы демократияландыру үдерісін, азаматтық қоғамның қалыптасу үдерісін жетілдіруге бағытталған.

Берілген стратегиялық жол ресми мәртебесі бар этно-ұлттық институттарға қатысты демократиялық қалыптасу тетіктерін дамытатын өнімді бағыт болып табылады. Ресми деген сөз белгілі бір этномәдени ұйымның ашық әлеуметтік қызметті жүзеге асыратындығының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып саналады, бұл оның қоғамдық тәжірибесінің заңдылығын білдіреді.

Этносаралық қақтығыстар жағдайында ресми билік ымыраға келу стратегиясы ретінде этносаралық қақтығыстарды шешудің тетіктерін қосады, өйткені «ұлтаралық қақтығыстардағы ымыраға келу, – С.Г. Кагиянның айтуы бойынша, – оларды шешудің ақылға қонымды жолы болып саналады, ол қақтығысқа қатысушы этностардың, сондай-ақ мемлекеттердің арасындағы өзара бір-біріне жол беру арқылы келісімге келуден тұрады» (Кагиян, 2003: 33).

Ымыраға келу саясатын қолданудың ең ұтымды жолы – ымыраға келудің үш қадамын орындау:

біріншіден, оны шешудің нақты қадамдарын әзірлеу мақсатында шиеленіс себебін айқындау; екіншіден, берілген қақтығыс үшін ең қолайлы нақты әдістерді анықтау (мәмілеге келген жағдайда әрқашан болмай қоймайтын болжамды концессиялардың шекарасын анықтау өте маңызды);

үшіншіден, көбінесе ұлттық топтардың жетекшілері болып табылатын ымыраға келушілерді, сондай-ақ осы ұлт өкілдері болып табылатын беделді саясаткерлерді анықтау.

Дәл осы бағытта қабылданған қадамдар қақтығыстарды шешуге және ұлтаралық қатынастар саласындағы күрделі, қиын жағдайларды жеңуге ықпал етеді. Сонымен қатар, ұлтаралық сенімнің тұрақтылығы тікелей конфессияаралық байланыстардың тұрақтылығына байланысты. Қазіргі қазақстандық қоғамдағы бұл құбылыстар Қазақстанда демократияландыру үдерісі қарқынды жүріп жатқанын көрсетеді және экономикалық тұрақтылық деңгейі осыған байланысты. Сондықтан, мемлекеттік егемендікке ие болғаннан кейін қазақстандықтар этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастарды қалыптастырудың сапалы жаңа жолдарын іздеуге мәжбүр болды.

Көп жағдайда мұндай жолды іздеу Ұлы Жібек жолы қызмет атқарып тұрған кезден бері сақталған қазақ жанының синкретизмімен жеңілдетілді. Д. Стюарт қазақ халқы жанының бұл қасиетін «бір дінді ұстанатын халық басқа нанымдардың әсерінен жаңа нәрсе қалыптастыратын құбылыс» деп анықтады (Стюарт, 2002: 227). Ислам дінін ұстанудың қазақша нұсқасы да басқа дінді қабылдаудың синкреттік сипатымен ерекшеленеді. Белгілі болғандай, исламды бірінші болып қабылдаған сол кездегі Қазақстан аумағының оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөлігінің тұрғындары болды, олар негізінен отырықшы және қалалық түркілер еді. Алайда,

Қазақстанның дала бөлігінің тұрғындарымен тығыз сауда-экономикалық және саяси байланыстар түркі әлемінің исламдануын жеделдетуге мүмкіндік берді.

Ал сол кездегі тәңіршілдік кеңістігінде ислам туралы жаңа түсінік қалыптастырудың өзіндік, ерекше, көп жағынан алғанда, бірегей үдерісі пайда болды, оның дүниетанымдық тізбегін біз әлі күнге дейін басқа діни формалар мен конфессияларға толерантты көзқарас түрінде байқаймыз. Осылайша, араб елінің жаулап алушылары әкелген мұсылмандықты қабылдай отырып, протоқазақтар өздерінің дүниетанымында және дінге деген көзқарасында тәңіршілдік мәдениеттің айрықша элементтерін сақтап қала алды. Бұл жағдай қазақтың жаны барлық сапалы жаңаға бейім, сондай-ақ жаңа нәрсені бұрыннан бар нәрсемен үйлесімді синтездей алатындығын айғақтайды.

Қазақ менталитетінің осындай синкретизмі конфессияаралық толеранттылықты дамытудың платформасына айналды. Бұл құбылыстарды әртүрлі халықтардың, діндердің, мәдениеттердің, көзқарастардың, пікірлердің және т.б. өкілдері арасындағы қатынастар шеңберінде толерантты бағытты ұстанатын көптеген зерттеушілер атап көрсетеді.

Сонымен қатар, Қазақстандағы этноконфессиялық өзара қарым-қатынастардың ынтымақтастығын насихаттау Қазақстандағы ұлтаралық және конфессияаралық қатынастардың теңгерімділігін көрсететін жарнама саясатының шаралары болып табылмайды.

Мұндай саясатты жүргізу, ең алдымен, ішкі саяси қоғамдық өмір үшін және этно-ұлттық және діни кемсітушілікке жол бермеу үшін қажет. Мэттью Шарпенің пікірінше, «Және қазіргі саяси ахуалда біз барлығымыз әр түрлі топтар өз жақтарын емес, тек қарсыластарын сынай алады деген идеяны көбірек қабылдайтын сияқты көрінуіміз ықтимал» (Matthew Sharpe, 2019). Кемсітушілік – бұл бір әлеуметтік топ басқалармен салыстырғанда өзінің әлеуметтік-тарихи мәнін абсолютті деп есептейтін адамдар арасындағы қарым-қатынастың бір түрі.

Ал, діни кемсітушілікке келетін болсақ, бұл жағдайда бір діни конфессияның мәні екінші діни конфессияның мәніне қарағанда артықшылықты мәртебеге ие болады, сонымен бірге, ол басқа діннің діни тұжырымдамасын кемсітеді, оның рухани идеалдарын төмендетеді, құндылықтары мен тарихи маңыздылығына күмән келтіреді. Әрине, кемсітушілік көрген діни топ немесе кон-

фессия осы шеңберде қақтығыстар туындаған жағдайда мүмкін болатын әрекеттер бойынша шараларды әзірлеуді бастайды. Өкінішке орай, біз бүгінгі күні діни кемсітушілік фактісі орын алған жағдайлар жоқ деп айта алмаймыз.

Кейбір адамдар діни, сондай-ақ ұлттық толеранттылық туралы айтудың ешқандай мән-мағынасы жоқ деп санайды, өйткені мұндай толеранттылық саяси мифтен басқа ештеңе де емес, ал іс жүзінде кез келген адам дін мәселелеріне және ұлтына қатысты өзінің діни мен ұлтына сәйкес келмейтін басқа адамға қатысты үнемі дұшпандықты сезінеді, тек жасырын түрде. Мұндай көзқарасты діннің мәні, тарихи құбылыс, халықтардың ерекшеліктері мен оларға тән мәдениеттер, бүкіл адамзатты саралау құбылысы ретінде білмеу арқылы ғана қабылдауға болады.

Сөзсіз, мұндай фактілер орын алады және бұл сол немесе басқа дін түсіндіргендей, ғаламның кез келген болмысындағы нанымдардың айырмашылығы бар кезде оның болмай қоймайтындығы табиғи. Мысалы, тіпті бір діннің құрылымында болмыстың кейде мүлдем басқаша түсіндірмелері кездеседі, бұл конфессияаралық бірауыздылықтың орнықтауына себеп болады. Әрине, ешкім жоққа шығармайды: «әрбір діни дәстүрде біз қаласақ та, қаламасақ та, мәңгілік туралы қандай да бір фундаменталистік бастама, тарихтың басы, әлемді өз идеясына сәйкес үлгілеудің батамасы бар. Мұндай ізденістер, онымен бірге әр түрлі шиеленістер мен күштер діни саланың табиғатынан бөлінбейді (қазіргі Латын Америкасындағы әлеуметтанушылар мен этнологтар айтқандай – *loreligioso*). Бірақ осы бүкіл діни саланы және жалпы әлемді зорлық-зомбылықпен қайта құруға басымдық беретін ашулы, жек көруші ағымдарды мен діни интегрим деп атайтын едім» (Рашковский, 2003: 64).

Бірақ дінаралық, сонымен қатар, ұлтаралық толеранттылық идеясының бүкіл мәні, егер адамзат қазірдің өзінде көптеген діндерге бөлініп, сараланған болса, онда әрбір адамның бойында өзге мәдениетке, басқа сенімге деген терең құрмет сезімін дамыту қажет екендігінде. Бұл жаһандану үдерістеріне байланысты әрбір діни бағыт жаһандық диалогқа ашық болуы қажет болып тұрған бүгінгі күні аса керек мәселе болып табылады.

Егер адамзат осы жолмен әрі қарай жүрмесе, онда ұлтаралық және конфессияаралық қақтығыстар төңірегіндегі келіспеушіліктер кейбір саяси қайраткерлердің өзіншіл мақсаттарын жүзеге асырудың тетігіне айналады. Соңғылары,

өз кезегінде, әртүрлі мәдениеттер мен дінді ұстанатын адамдардың қарым-қатынасында тұрақсыздық орын алған аймақтарда осындай қақтығыстарды қоздырудың тұтас дамыған жүйесіне ие. Мұндай үдерістерді, мысалы, Таяу Шығыста, бір ғасырдан астам уақытқа созылған араб-израиль қақтығысымен немесе Үндістанның Джамму және Кашмир штатындағы этносаяси соғыспен, оның аумағы Пәкістанмен дауласып жатқанынан байқауға болады. Нақтырақ айтқанда, Үнді-Пәкістан қақтығысы өз уақытында Ұлыбританияның интолерантты және шолақ саясатының салдарынан туындады. Аталған Азия аймағына Ұлыбритания өте көп уақыттан бері билік жүргізбейді, ал бұл арандатудың салдары әлі де ұмытылған жоқ. А.Н. Нысанбаев әділетті атап өткендей: «Дін саяси ойынның объектісіне айналмауы керек» (Нысанбаев, 2004: 19).

Діннің мемлекетпен өзара қарым-қатынасын ерекше атап өткен жөн. Бұл жағдайда өзара іс-қимылдың ең оңтайлы нұсқасы мемлекеттік басқарудың зайырлы түріндегі ынтымақтастық қағидаты болып табылады, мұнда діни конфессияның барлық құндылықтары мен канондары міндетті түрде ескеріледі. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы сияқты көпконфессиялы мемлекетте дін институты басқарушы билікке өзінің мәдени-саяси шарттарын белгілеуі тиіс. Және керісінше, мемлекет діни ұйымдардың әрекеттерін, қызметін толық бақылауға алмауы керек, бірақ конфессиялардың адамдар мен мемлекет субъектілеріне олардың азаматтық құндылықтары мен басымдықтарын бұрмалай отырып, саналы түрде зиян келтіруіне жол берілмейді.

Конфессияаралық диалог идеясы біздің еліміздегі мәдениетаралық толеранттылықтың маңызды шарттарының бірі екені сөзсіз. Осыған қарамастан, кез келген дін өкілдері өздерінің сенім қағидаларының ақиқаттығына сенімді, бұл белгілі бір дәрежеде басқа діндерге толеранттылықпен қарау үдерісін қиындатады. Қазақ ғалымы А.Г. Косиченко былай деп жазады: «түрлі конфессиялардағы сенімнің догмалары мен нормалары әртүрлі. Бірде-бір конфессия өз сенімінен бас тартпайды және өзгенің ұстанымына ауыспайды, себебі мәселе сенімнің мәні туралы: мен дәл осылай сенемін және менің сенімім – абсолютті ақиқат. Диалог үшін шындықты қалай қалдыруға болады?» (Косиченко, 2002: 43). Бұл құбылыс әр конфессияда бар және тіпті бір діннің ішінде де кездеседі.

А.Г. Косиченко бұдан әрі тараптар арасындағы қарым-қатынастар мәдениеттер диалогы аясында жүзеге асқан жағдайда оң нәтижелі болады, ол толеранттылықты дамытуға барынша тиімділік әкеледі және өзара қарым-қатынастар тек конфессияаралық байланыстарға қатысты болса, оған қарағанда диалогтың шекараларын кеңейтеді деген идеяны негіздейді. Осылайша, мәдениетаралық ынтымақтастық өзінің стратегиялық бағыттарының бірі ретінде конфессияаралық ынтымақтастықты мазмұнды түрде қамтиды.

Адамдардың белгілі бір діни идея төңірегінде ұйымдасу формаларының алуан түрлілігі сонша, олар көбінесе саяси және экономикалық құрылымдарға айналады. М.Н. Надыров дәл атап өткендей: «діннің мәні, кем дегенде, социологиялық тұрғыдан алғанда, табиғаттан тыс нәрсеге сену ғана емес, әр түрлі жеке күштерді біртұтас қуатты қозғалысқа біріктіру және жұмылдыру қабілеті» (Надыров, 2004: 184). Сол себептен, қазіргі заманғы діни бірлестіктер көбінесе қаржылық ресурстарды жинақтау құралдарының ұйымдасқан жүйесіне, сондай-ақ саяси билік үшін күрес жүйесіне айналады. Ресми дінбасылар олардың әрекетін радикалды деп санайды. «Діни толеранттылық – көп қырлы және мағыналы құбылыс. Сондықтан бұл ұғымның әртүрлі түсіндірмелері мен қабылдауларының болуы кездейсоқ емес. Діни төзімділікті қамтамасыз ету тетіктерін оның мазмұнының қабылдануына қарай (теріс және оң) екі топқа бөлуге болады:

- діни және конфессиялық идеяларға және өзге сенімдегілердің құндылықтар жүйесіне немқұрайлы қарауды білдіретін теріс механизмдер;
- өзге сенімдегілердің діни-конфессиялық идеялары мен құндылықтар жүйесін білу, қабылдау және құрметтеуді қамтитын оң механизмдер.

Теріс механизмдердің негізгі екі түрін атап көрсетуге болады: атеизм және секуляризация. Атеизм барлық діни ағымдар мен конфессияларға төзбеушілікті білдірсе де, сонымен бірге жалпы діннен бас тарту принципіне негізделген әртүрлі діндер мен конфессияларды ұстанушылар арасындағы өзара төзімділікті білдіреді. Діни толеранттылық деңгейін арттыруға ықпал ететін фактор ретінде секуляризацияның рөлі қазіргі батыс қоғамдарында айқын көрінеді» (Жастар арасындағы діни толеранттылық туралы, 2014 ж.). Осыған байланысты конфессияаралық өзара

қарым-қатынастар аясындағы толеранттылық мәні қоғамдық руханият деп танылатын жеке этикамен тығыз байланысты тұжырымдалуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, И.В. Бестужев-Лада былай деп жазады: «нағыз мәдениет... барлық әлемдік діндер қасиетті еткен Мейірімділік, Махаббат, Отбасы, Парасат, Жақсылық культтерінде жатыр...» (Бестужев-Лада, 2002: 61). Қазіргі Қазақстанның әртүрлі конфессияларының өкілдері арасындағы өзара конфессияаралық қарым-қатынастарға қатысты айта кетсек, біздің мемлекет діни көзқарастар мен пікірлердегі айырмашылықтарға, дін жөніндегі абсолютті мәдени-тарихи ақиқат туралы түсініктерге қарамастан, бейбіт өмір сүруді белсенді түрде қолдап келеді деп айта аламыз.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Қазіргі заманғы Қазақстанда байқалатын конфессияаралық толеранттылық осы салада белгілі бір мәселелері бар көптеген көпконфессиялы мемлекеттердің назарын аударады. Бірінші кезекте, тұрақтылық пен толеранттылық жаһандық діни экстремизмнің таралуы аясында Қазақстанда түрлі діни конфессиялар арасындағы қатынастардың оң даму үрдісі сақталатындығымен байланысты. Бұл тенденция біздің қоғам үшін белгілі бір құндылық түрі болып табылады, егер құндылық белгілі бір әмбебаптық деп түсінілсе, бұл жағдайда ол әлеуметтік-мәдени сипатқа ие болады. В.А. Василенко атап өткендей: «Құндылық категориясы құндылық қатынасы мен оның сәті ретіндегі құндылықтың абсолютті алғышарттарын құрайтын субъекті мен объектінің бірлігін көрсетеді» (Василенко, 1966: 46).

Сондай-ақ, қазіргі Қазақстандағы толеранттылық ислам мен христиандықтың өзара тығыз мәдени-діни қарым-қатынаста және келісімде өмір сүріп жатқандығын айқын көрсетеді. А.Н. Нысанбаев атап өткендей: «Бұл келісім жай ғана уақытша жағдай немесе болашаққа деген ізгі тілек емес, ол жаһандану жағдайында Қазақстанның өркениетті түрде орныққан әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы негізінде де, сонымен қатар, ислам мен христиандықтың махаббатты, мейірімділікті, жақын адамдарға және бөтен адамдарға құрметті, сенімді, лайықты мінез-құлықты, игі істерде өсуді уағыздайтын аса маңызды өсиеттері мен қағидалары негізінде де әбден мүмкін» (Колумбаев, 1993: 17).

Бұл зерттеуде толеранттылық принципінің мәнін қазіргі заманғы діни жағдай шеңберінде қоғамдық құндылық ретінде түсінуге ұмтылыстар жасалды. Жұмыстың мақсатына жету үшін зерттеу барысында қарастырылатын нысанның мәнін ашуға ықпал еткен теориялық және әдіснамалық міндеттер кешені жасалды. Толеранттылық қағидатын іске асыру көпұлтты Қазақстандағы мәдениеттердің өзара қатынасы бойынша күнделікті саяси практиканы да білдіреді, бұл тек толеранттылық құбылысын зерттеудің өзектілігін арттырады.

Қорытынды

Бұл – қазіргі Қазақстанның конфессияаралық қатынастар саласындағы толеранттылығының көрінісі. Әрине, әртүрлі сенім өкілдері арасындағы толеранттылық мәдениетін сақтау үнемі идеологиялық жұмысты қажет етеді, ал толеранттылық қағидатының кейде «жоғарыдан» қойылуы бұл мемлекет рухани және мәдени құрылымдардың қызметін бағындыруға тырысады дегенді білдірмейді. Керісінше, мемлекет ресми діндердің ешқайсысы мәдениетаралық диалог кеңістігінде қысымға ұшырамауын қадағалайды және оған алаңдайды. Осыған байланысты біздің мемлекетімізде көптеген діни құрылымдардың өмір сүру кеңістігіндегі діндер үшін қазіргі уақытта не құнды екенін түсіну үшін белгілі бір діни конфессиялардың дүниетанымдық принциптерін түсіну тұрғысынан тұрақты жұмыс жүргізілуде. Әрине, бұл саланың өзіндік қиындықтары бар, мысалы: «дін жақтаушылары, әдетте, олардың діндері барлық сұрақтарға жауап береді деп болжайды және оларға діни дәстүрлерден тыс ештеңе білудің қажеті жоқ» (Сейд Амир Акрами, 2002: 41). Алайда, мұнда да дінаралық дүниетанымдық ұстанымдардың келісімі аясында белсенді жұмыс жүргізілуде.

Сонымен бірге, кейбір адамдар зайырлы мемлекетте өмір сүріп, дінге қаншалықты бейтарап болса да, жаһандану әлемінің заманауи заңдылықтары әрбір адам маргиналды регрессия жағдайында болуы мүмкін осындай жағдайларды белгілейтінін атап өткен жөн. Қазіргі адам бұқаралық жалпы планетарлық мәдениеттің жалған құндылықтарына осал болып қалғаны соншалық, ол өзінің жеке басының ішкі рухани жетілуіне ықпал ететін нәрсені іздеумен айналысады. Ж. Успановтың пікірінше, мұндай ізденіс адам өміріндегі мәдени-тарихи құбылыс болып табылады: «Біз бір-бірімізді

түсінуді және ресми болсын немесе бейресми болсын қарым-қатынастарымызды жетілдіруді үйренуіміз керек" (Успанов, 2006: 132).

Біздің республикамыздағы толеранттылық, көп жағдайда титулдық ұлт ретінде қазақ халқының басқа ұлттар мен діндерге қатысты өзіне тән бейбітшіліксүйгіштік қасиетінің нәтижесінде мүмкін болып отыр. Алайда, сындарлы түрде толеранттылық Қазақстанда бар әрбір мәдениеттің өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Сонымен қатар, толеранттылық елдегі аз ұлттардың қазақ мәдениетін немесе басқа мәдениетті күшпен қабылдауын білдірмейді. Бұған дәлел, мысалы, ұлтаралық қарым-қатынас тілі – орыс тілі болып қала береді.

Осылайша, адамгершілік принциптеріне негізделген толеранттылық мәдениеті қазіргі

қазақстандық қоғамның дүниетанымдық құндылығы болып саналады. Қазақстандықтардың ұғымындағы толеранттылық оң ұлтаралық және конфессияаралық қатынастарды құрудың аса маңызды қағидаттарының бірі болып табылады, сондықтан біздің республикамызда мемлекеттік егемендік алғаннан шақтан бастап қоғамдық санада ұлттық дұшпандық сезіміне әкеп соқтыратын ашық ұлтаралық қақтығыстар байқалмайды.

АЛҒЫС

Мақала ҚР ҒЖБМ ҒК 2022-2024 жж. «Жас ғалым» АР14972713 «Қоғамдық дамудағы толеранттылық принципі: міндеттері мен жүзеге асыру тәжірибесі» атты жоба негізінде жазылған.

Әдебиеттер

- Бестужев-Лада И.В. (2002) Диалог между религиями: Возможен ли? Нужен ли? // Вопросы философии. – № 4. – 60-66.
- Василенко В.А. (1966) Ценность и ценностные отношения // Проблема ценности в философии: сборник статей / под ред. А.Г. Харчева и др. – М.-Л.: Наука. – 41-49.
- Кагиян С.Г. (2003) Управление этническими конфликтами // Философские науки. – №2. – 27-34.
- Колумбаев Б.Е. (1993) Человеческое в человеке: мировоззренческий анализ: дис. ... докт. филос. наук: 09.00.11. – М.: МГУ им. М.В. Ломоносова. – 312.
- Косиченко А.Г. (2002) Диалог конфессий в условиях глобализации // Глобализация и диалог конфессий в странах Центральной Азии: материалы международной научно-практической конференции. – Алматы: Институт философии и политологии МОН РК. – 42-53.
- Надыров М.К. (2004) Социально-философское исследование феномена массовости: дис. ... докт. филос. наук: 09.00.11. – Бишкек: Институт философии и права НАН КР. – 216.
- Нысанбаев А.Н. (2004) Глобализация и проблемы межкультурного диалога. – Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОН Республики Казахстан. – Т. 2. – 308.
- О религиозной толерантности в молодежной среде. URL: https://www.mirniy.ru/info/anti_terror/5754-o-religioznoy-tolerantnosti-v-molodezhnoy-srede.html 25-06-2014, 14:23
- Рашковский Е.Б. (2003) Пласты нетерпимости: философские заметки // Вопросы философии. – № 4. – 61-67.
- Сейд Амир Акрами (2002) Глобализация и межкультурный диалог // Глобализация и диалог конфессий в странах Центральной Азии: материалы международной научно-практической конференции. – Алматы: Институт философии и политологии МОН РК. – 38-41.
- Стюарт Д. (2002) Синкретизм верований казахов и его актуализация // Глобализация и диалог конфессий в странах Центральной Азии: материалы международной научно-практической конференции. – Алматы. – 227-231.
- Телебаев Г.Т. (2006) Проблемы религиозной толерантности // Этно-религиозная идентификация населения г. Алматы. – Алматы: Общественный фонд "Центра этно-полит. и гуманитар. исслед.". – 29-38.
- Успанов Ж. (2006) О соотношении преступлений, представляющих угрозу национальной безопасности Республики Казахстан // Взаимодействие религий в Республике Казахстан: сб. материалов республиканской науч.-теорет. конференции. – Алматы. – 125-133.

References

- Bernard Williams (1996) Toleration: An Impossible Virtue? // Toleration. An Elusive Virtue / Ed. By David Heyd. – Princeton University Press, – 29 p.
- Bestuzhev-Lada I.V. (2002) Dialog mezhdu religiyami: Vozmozhn li? Nuzhen li?. [Dialogue Between Religions: Is it Possible? Is it necessary?]/ Voprosy filosofii. – № 4. – 60-66. (in Russian)
- Kagiyan S.G. (2003) Upravleniye etnicheskimi konfliktami. [Management of ethnic conflicts] // Filosofskiye nauki. – №2. – 27-34. (in Russian)

- Kolumbayev B.Y. (1993) Chelovecheskoye v cheloveke: mirovozzrencheskiy analiz: dis. ... dokt. filos. nauk: 09.00.11. [Human in man: worldview analysis: dis. ... doc. philosophy Sciences: 09.00.11.] – M.: MGU im. M.V. Lomonosova. – 312. (in Russian)
- Kosichenko A.G. (2002) Dialog konfessiy v usloviyakh globalizatsii. [Dialogue of confessions in the context of globalization] // Globalizatsiya i dialog konfessiy v stranakh Tsentral'noy Azii: materialy mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii. – Almaty: Institut filosofii i politologii MON RK. – 42-53. (in Russian)
- Matthew Sharpe (2019) How old ideas about tolerance can help us live more peacefully today / The Conversation. – URL: <https://theconversation.com/how-old-ideas-about-tolerance-can-help-us-live-more-peacefully-today-11408223.01.2018>
- Nadyrov M.K. (2004) Sotsial'no-filosofskoye issledovaniye fenomena massovosti: dis. ... dokt. filos. nauk: 09.00.11. [Socio-philosophical study of the phenomenon of mass character: dis. ... doc. philosophy Sciences: 09.00.11.] – Bishkek: Institut filosofii i prava NAN KR. – 216. (in Russian)
- Nysanbayev A.N. (2004) Globalizatsiya i problemy mezhkul'turnogo dialoga. [Globalization and problems of intercultural dialogue.] – Almaty: Komp'yuterno-izdatel'skiy tsentr Instituta filosofii i politologii MON Respubliki Kazakhstan. – T. 2. – 308. (in Russian)
- O religioznoy tolerantnosti v molodozhnoy srede. [About religious tolerance among the youth.] URL: https://www.mirmiy.ru/info/anti_terror/5754-o-religioznoy-tolerantnosti-v-molodezhnoy-srede.html 25-06-2014, 14:23 (in Russian)
- Rashkovskiy Ye.B. (2003) Plasty neterpimosti: filosofskie zametki. [Layers of Intolerance: Philosophical Notes] // Voprosy filosofii. – № 4. – 61-67. (in Russian)
- Seyd Amir Akrami. (2002) Globalizatsiya i mezhkul'turnyy dialog. [Globalization and Intercultural Dialogue] // Globalizatsiya i dialog konfessiy v stranakh Tsentral'noy Azii: materialy mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii. – Almaty: Institut filosofii i politologii MON RK. – 38-41. (in Russian)
- Smith, S. D. (2001) Getting over equality. A critical Diagnosis of Religious Freedom in America. New York University Press. – New York, London.
- Styuart D. (2002) Sinkretizm verovaniy kazakhov i yego aktualizatsiya. [Syncretism of Kazakh beliefs and its actualization] // Globalizatsiya i dialog konfessiy v stranakh Tsentral'noy Azii: materialy mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii. – Almaty. – 227-231. (in Russian)
- Telebayev G.T. (2006) Problemy religioznoy tolerantnosti. [Problems of religious tolerance] // Etno-religioznaya identifikatsiya naseleniya g. Almaty. – Almaty: Public Foundation "Center for Ethno-Political and Humanitarian Research". – 29-38. (in Russian)
- Uspanov ZH. (2006) O sootnoshenii prestupleniy, predstavlyayushchikh ugrozu natsional'noy bezopasnosti Respubliki Kazakhstan. [On the ratio of crimes that pose a threat to the national security of the Republic of Kazakhstan] // Vzaimodeystviye religiy v Respublike Kazakhstan: sb. materialov respublikanskoy nauch.-teoret. konferentsii. – Almaty. – 125-133. (in Russian)
- Vasilenko V.A. (1966) Tsennost' i tsennostnyye otnosheniya. [Value and value relations] // Problema tsennosti v filosofii: sbornik statey / pod.red. A.G. Kharcheva i dr. – M.-L.: Nauka. – 41-49. (in Russian)